

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы Хаттама №1

Ақтөбе қаласы

08.01.2021ж

Қатысушылар:

Төраға: Қалниязова Д.

Мүшелері: Маханбетова Ж

Абилхаирова Т

Курманбаев Д

Ақпанова Л

Кустанова Л

Рысмағамбетова К

Қатыспаған: 2(Себепті дәлелменен)

Күн тәртібінде:

1 “Ақтөбе қаласының білім бөлімі” ММ-ң, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2012жылғы 21 ақпандағы №57 бұйырығымен бекітілген мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау қағидасына сәйкес №6 “Орман ертегі” МДҰ меңгерушісі лауазымына ұсынған үміткерлердің даму жоспарын тыңдау.



1 Қамқорлық кеңесінің төрағасы Қалниязова Д тыңдалды:

Ақтөбе қаласының білім бөлімі” ММ-ң, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2012жылғы 21 ақпандағы №57 бұйырығымен бекітілген мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық тағайындау қағидасына сәйкес №6 “Орман ертегі” МДҰ меңгерушісі лауазымына ұсынған үміткерлердің даму жоспарын тыңдаймыз үміткерлікке келіп отырғандар:

1. Думбаева Бибигуль Сисеновна
2. Биртаева Гулмира Сабитбековна
3. Изятова Айнур Манасқызы
4. Кошмаганбетова Клара Беймбетовна
5. Бурханова Жеңісгүл Жаншина.



1 Үміткер Думбаева Бибигуль Сисеновна тыңдалды.



Өзінің даму жоспарымен таныстырып шықты. Перспективалық жоспар дегеніміз - бұл мектепке дейінгі ұйымның келешегін бағдарлай отырып, түбегейлі өзгерістерді іске асыру жоспары. Мектепке дейінгі ұйымда дамытудың перспективалық жоспары сауалнамалар қорытындысында анықталған басты проблемаларды шешуге берілген ұсыныстарды іске асыруға бағатталады, атап айтқанда:

- мектепке дейінгі ұйымды дамытудың перспективалық жоспарын дайындауда тәрбиешілер мен ата-аналардың пікірін ескеру;
 - озық тәжірибелерді енгізу мақсатында жүйелі жұмыстану;
 - тәрбиешілерді өз жұмыстарына талдау жүргізуге бағыттау;
 - тәрбиешілермен бірлесіп ортақ проблеманы анықтап, білім сапасын арттыруда біріккен жұмыстарын жетілдіру;
 - тәрбиешілерге қабілеттерін дамытуға мүмкіндіктер туғызу.
- Осындай жұмыстарды атқаратындығы туралы мәлімдеді.

1 Төраға Қалниязова Д.

1. Еңбек жолыңызда басшылық қызметін атқарып көрдіңіз ба?
2. Ата-аналармен сауалнама жүргізіп көрдіңіз бе?

Үміткер Думбаева Б.С. Басшылық қызметін атқарып көрген жоқпын.

Жоқ, егерде мен басшылық қызметін атқаратын болсам сауалнама жүргізу керек деп ойлаймын.

Үміткер Бурханова Жеңісгүл Жаншина тыңдалды.



Менің мұнда келген мақсатым балабақшаны дамыту үшін жаңа ұғым, жаңа үлгі, жаңа әдістер қажет. Заман талабы - жаңа көзқарас қажеттілігінен туындайды. Инновацияны ендіру -білім сапасын арттырудың нағыз жолы. Балабақшаның даму жоспарын құруда мынадай проблемалық міндеттерді басшылыққа алдым:

- ❖ Негізгі мақсатты анықтау;
- ❖ Тәрбиеленушінің талаптарын қанағаттандыру;
- ❖ Жетістікке жету жолдарын іздеу;
- ❖ Білім сапасын көтеру;
- ❖ Маман біліктілігін дамыту;
- ❖ Көрсеткішті талдау және бағалау.

Мүшесі Әбіхаирова Туғанай:

Балалардың білімін дамыту жөнінде қандай жұмыс жасайсыз?

Үміткер Бурханова Ж. Балалардың шығармашылық деңгейін көтергім келеді.

Мүшесі Курманбаев Досбол:

Сіз басшы болсаңыз жұмысты неден бастар едіңіз?

Үміткер Бурханова Ж. Тәрбиешілердің білімін қарар едім және ашық сабақтар өткіздірер едім.

Мүшесі Ақпанова Лаура Басшылық қызметте неше жыл жұмыс жасадыңыз?

Үміткер Бурханова Ж. Басшылық қызметін атқарып көргенім жоқ.

Үміткер Изятова Айнур Манасқызы тыңдалды.



Білімім жоғары. Еңбек өтілім 22 жыл. №38 “Әлем” МДҰ әдіскер болып жұмыс жасаймын. МДҰ қызметінің тиімділігін арттыру негізінде инновациялық, экономиканың әлеуметтік қажеттіліктеріне барабар білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету.

Заманауи технологияларды пайдалана отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім берудің сапасын жоғарылатуда педагогтардың үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету және жағдай жасау.

Төраға Қалниязова Динара.

Сіздің алға қойған мақсатыңыз қандай? Балаларды дамыту мақсатында қандай жұмыс жасайсыз?

Үміткер Изятова А. Қазіргі заманға сай бала бақшаны жабдықтау. Робототехника, интерактивті тақтамен жабдықтау. Осы жабдықтармен жұмыс жасау педагогтарға және балаларға өте тиімді.

Мүшесі Абилхаирова Туғанай. Бұған дейін қандай маман иесі болдыңыз?

Үміткер Изятова А. Әдіскер болып жұмыс жасадым.

Мүшесі Курманбаев Досбол. Сізге балабақшаның ойын алаңдары ұнады ма?

Үміткер Изятова А. Оның бәрін ауыстыру керек деп ойлаймын.

Мүшесі Курманбаев Досбол. Тілдері дұрыс емес балалармен қалай жұмыс жасар едіңіз?

Үміткер Изятова А. тәрбиешілердің білімін көтеру, логопед, дефектолог керек.

Үміткер Кошмаганбетова Клара Беймбетовна тыңдалды.



Мен басшы болсам балалардың денсаулығын нығайту мақсатында сауықтыру шаралары, аромотерапияны жабдықтау, әдістемелік құралдар, баланың жеке дамуына мүмкіндік жасау, техникалық

базаны толықтыру. Кадрмен, жас мамандармен ,психолог, тәрбиешілермен жұмыс жасау керек. Қазіргі заманның тәрбиешілері конкурстарға, семинарларға қатысып отыруы керек. Біз мұғалімдермен бірдей деңгейде жұмыс жасауға келе жатырмыз.

Мүшесі Кустанова Ляззат Алдағы уақытта қазақ тілінде сөйлейсіз бе, әлде қалай?

Үміткер Кошмаганбетова К Мен қазақша білемін. Өз балабақшамда ата-аналармен қазақша сөйлесіп қандайда бір мәселелерді бірлесе отырып шешемін.

Мүшесі Абилхаирова Туғанай. Алдағы уақытта егерде сіз басшы болып тағайындалсаңыз тәрбиешілер ауысып кетпей ме?

Үміткер Кошмаганбетова К Тәрбиеші өз ісінің маманы болса, меңгеруші оны ешқайда жібермейді.

Үміткер Биртанова Гулмира Сабитбековна тыңдалды.



Даму бағдарламасын жүзеге асыру жоспары:

Балабақша имиджін құру;

Материалды техникалық базаны жетілдіру және бекіту;

Оқу тәрбие процесінің сапасын жоғарлату.

Әр адам үздіксіз оқу керек. Әр басшының өзінің жоспары болуы

керек. Балалардың иммунитетін көтеру мақсатында баскетбол,

волейбол алаңдарын жасау. Экологиялық орта, хореография,

компьютер, робототехника, инновациялық технологияларды

қолдануды жоспарлаймын. Кадрлардың сапалылығы білімін көтеру,

жаңа форматтағы педагогтарды қалыптастыру.Әр педагог өзінің

жұмысын білсе балалардың тұлға болып дамуына көмектеседі.

Қамқоршылық кеңес тарапынан сұрақ болған жоқ.



Кенес мүшелері белгіленген мәселе бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, **ШЕШІМ ЕТТІ :**

1 Думбаева Бибигул Сисеновна **қанағаттанарлық** деп келесі этапқа жолданды.

2 Бурханова Жеңісгүл **қанағаттанарлық** деп келесі этапқа жолданды.

3 Изятова Айнур Манасовна **өте жақсы** деп келесі этапқа жолданды.

4 Кошмағанбетова Клара Беймбетовна **өте жақсы** деп келесі этапқа жолданды.

5 Биртанова Гулмира Сабитбековна **өте жақсы** деп келесі этапқа жолданды.

Төраға: Қалниязова Д. *Қалниязова*

Мүшелері: Маханбетова Ж *Маханбетова*
Абилхаирова Т *Абилхаирова*
Курманбаев Д *Курманбаев*
Акпанова Л *Акпанова*
Кустановна Л *Кустановна*
Рысмағамбетова К *Рысмағамбетова*

Хатшы : Надиршина Қ.А *Надиршина*